



ШЕШІМ

14.12.2022

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

288/36-VII

№

город Астана

**«Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
жанындағы Тұрғын үй комиссиясының
құрамы туралы» Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының 2021 жылғы
30 желтоқсандағы №130/18-VII
шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Астана қаласы әкімінің ұсынысын қарап, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

«Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы Тұрғын үй комиссиясының құрамы туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №130/18-VII шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Астана қаласы әкімдігінің жанындағы Тұрғын үй комиссиясының құрамы туралы»;

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

тақырыпта және бүкіл мәтін бойынша «Нұр-Сұлтан» деген сөз «Астана» деген сөзімен ауыстырылсын.

Астана қаласы
мәслихатының хатшысы

Е. Каналимов